

ӘОЖ 347.73

Г.А. Қуаналиева*, М.Н. Кошқумбаева

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доцент, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті, магистрант, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail:kuanalieva.guldanakz@mail.ru

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы мазмұнындағы мемлекетіміздің қаржы саясаты

Қаржы саясаты деп мемлекет өз функцияларын атқару үшін қаржылық қатынастарды пайдалану кезіндегі мемлекеттік іс-шараларды айтамыз. Оған: жалпы тұжырымдаманы қалыптастыру, негізгі бағыттарды, нақты мақсаттар мен міндеттерді жасау жатады; дұрыс қаржы механизмін құру; мемлекет және оның субъектілерінің қаржылық қызметін басқару кіреді. Қаржы саясатының үш түрін бөліп көрсетуге болады: классикалық, реттеуші, жоспарлы-директивтік.

Түйін сөздер: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, қаржы, қаржы саясаты, қаржы механизмі, ақша-кредит саясаты және т.б.

M.N. Koshkumbayeva, G.A. Kuanaliyeva

Financial policy of the state in the light of Strategy «Kazakhstan-2050»

The financial policy is a set of governmental activities on use of the financial relations for performance by the state of the functions. It includes: development of the general concept, main directions, definition of the purposes and main tasks; creation of the adequate financial mechanism; financial management of the state and its subjects. Allocate three main types of financial policy: the classical; the regulating; the planned and directive.

Key words: Strategy «Kazakhstan-2050», finance, finansovy policy, finansovy mechanism, monetary policy, etc.

М.Н. Кошқумбаева, Г.А. Қуаналиева

Финансовая политика государства в свете Стратегии «Казахстан-2050»

Финансовая политика – это совокупность государственных мероприятий по использованию финансовых отношений для выполнения государством своих функций. Она включает: разработку общей концепции, основных направлений, определение целей и главных задач; создание адекватного финансового механизма; управление финансовой деятельностью государства и его субъектов. Выделяют три основных вида финансовой политики: классическая; регулирующая; планово-директивная.

Ключевые слова: Стратегия «Казахстан-2050», финансы, финансовая политика, финансовый механизм, денежно-кредитная политика и т.д.

Қаржы – бұл қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу процесінде пайда болатын айрықша экономикалық қатынастардың жиынтығы болып табылады. Оның нәтижесінде ұдайы өндіріске қатысушылардың сан алуан қажеттіліктері қанағаттандырылады. Қаржының қажеттілігі объективті мән-жайдан – тауар-ақша қатынастарының болуынан және қоғамдық дамудың қажеттіліктерінен туындайды. Қаржының басты негізі — табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет

пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалыуына бақылау жасау болып табылады. «Қаржы – мемлекеттің, кәсіпорынның барлық ақша қаражаттарының жиынтығы; осы қаражаттарды құрау мен қайта бөлу жүйесі» [1, 302]. Қаржылық құқық теориясында «қаржы» терминін анықтауға байланысты көптеген ғалымдардың пікірлері бар. Мысалы, көрнекті ғалым А.И.Худяков «қаржы» термині латынның

«finis», яғни қандай да істің бітуі, ақыры немесе төлемнің, жалақының төлену мерзімі деген сөзінен туындаған деп көрсетеді. Орта ғасырлық латын тілінде finantio, financia деген сөздер міндетті ақшалай төлем деген мағынада айтылған болатын. Он сегізінші ғасырда француздар finance, яғни финанс деп мемлекеттің кіріс және шығысын, мемлекет мүліктерінің жиынтығын немесе мемлекеттік шаруашылықты айтатын болған. Қазіргі кезде қаржы терминінің мағынасы ақшалармен тығыз байланысқан. Сондықтан болар, көптеген жағдайларда азаматтар қаржыларды қолда бар немесе құжат жүзіндегі ақшалар деп түсінеді. Ал экономистер азаматтардың қаржылары; мемлекеттің қаржылары, заңды тұлғалардың қаржылары деп бөледі. Кейбіреулер тар мағынада қаржылар тек мемлекет пен заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын қамтиды деп түсіндіреді. Осы терминнің тағы бір сирек айтылатын мағынасы «мемлекеттік ақшалар» түсінігімен сәйкес келеді.

А.И. Худяковтың айтуынша, қаржы термині қандай да болмасын мағынада түсіндірілсе де, ең дұрысы мемлекет қарамағындағы ақша қаражаттары деген тұжырым дұрыс болып табылады [2, 7]. Біз де ғалымның пікірін қолдаймыз. Қаржы ресурстары болмаса, қаржы механизмі арқылы барлық жағдайға ықпал етудің кең мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыра алмайды, өзінің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын, қорғаныс және елдің қауіпсіздігі функцияларын қамтамсыз ете алмайды.

14 желтоқсан 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: біздің мемлекетіміздің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс деп тікелей атап көрсетті. Ол үшін бюджет саясаты, салық саясаты, ақша-кредит саясаты, мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты сияқты негізгі бағыттар белгіленген. Ақша керектігі саясатына байланысты келесі бағдар қойылған: «Әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қорғауды қамтамсыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін

ұстап тұратын боламыз. Бұл жай ғана макроэкономикалық мәселе емес, бұл – елдің әлеуметтік қауіпсіздігінің мәселесі. Және де бұл – 2013 жылдың өзінен бастап Ұлттық Банк пен Үкімет жұмысының басты мәселесі.

Қазақстандық банктер өз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамсыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсіретуге болмайды, банктерді проблемалық кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет.

Бұл үшін Ұлттық Банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамсыз етуге бағытталған түбегейлі ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет болады» [3, 16].

Кез келген қоғамда мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржы саясаты маңызды рөл атқарады. Оны жасап, жүзеге асыру үрдісінде қоғам алдында тұрған міндеттерді орындаудың шарттары қамтамсыз етіледі. Елдің қаржы заңнамасының негізінде қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің іс-шаралары қаржы саясаты деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты оның нақтылы нәтижесі болып табылады. Дамыған шет мемлекеттерде қаржы құрылымы барлық бөлімдегі қаржыларды топтап жинай отырып, қаржыландырудың ұлттық мүддесін қорғауға бағытталады. Олар ақша қорларын жасауға жағдай жасап, сол арқылы мемлекет өзінің саяси және экономикалық функциясын іске асырады.

«Мемлекет қаржы ресурстарынсыз өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыра алмайды, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды орындай алмайды, мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамсыз ете алмайды, осының барлығына мемлекет қаржылық механизм арқылы әсер етеді. Қаржыларға бөлу

және бақылау функциялары тән. Осы функциялар арқылы қаржылардың қоғам және мемлекет өміріндегі әлеуметтік-экономикалық рөлі жүзеге асырылады» [4,12].

Қаржы стратегиясы экономкалық әлеуметтік стратегия мен анықталған перспективаға есептелген және ірі ауқымды міндеттерді шешуді қарастыратын қаржы саясатының ұзақ мерзімді курсы. Ол макроэкономикалық процестер дамуының ұзақ кезеңіне бағытталған, ал оның шеңберіндегі күнделікті міндеттер басты стратегиялық мақсатқа жетудің кезеңдері ретінде жүзеге асырылып отырады. Қаржы стратегияның біршама тұрақтылығы кезінде қаржы тактикасының орамдылығымен ерекшеленуі тиіс, ол экономикалық жағдайлардың, әлеуметтік факторлардың және басқалардың ширақтылығымен алдын ала анықталынады. Қаржы саясатының стратегиясы мен тактикасы өзара байланысты. Стратегия тактикалық есептерді шешу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономика мен әлеуметтік сала дамуының шешуші учаскелері мен басты проблемаларын анықтай отырып, тактика әдістерді өзгерту, қаржы байланыстарын ұйымдастырудың нысандары арқылы неғұрлым қысқа мерзім ішінде ысырап пен шығындарды ең аз жұмсап, қаржы стратегиясы белгіленген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Бір жағынан, қаржы саясаты экономикалық қатынастарды тұрғызады, саясат экономикаға байланысты. Екінші жағынан, экономикалық базис негізінде пайда болып әрі дами отырып, қаржы саясаты белгілі бір дербестікке ие болды, ал оның өзгеше заңдары мен даму логикасы бар. «Алдымен, экономика, сонан соң саясат» [3, 4] деген мемлекеттік саясат қағидатын алға тарта отырып, мемлекет басшысы жаңа стратегиялық құжатта ұлттық экономиканы дамытудың жаңа қағидаттарына көшуді ұсынды. Осылардың негізінде барлығын түгелімен қамтитын экономикалық прагматизм жатыр, яғни мұның мәнісі барлық басқару шешімдерін экономикалық орындылық тұрғысынан қабылдаған жөн дегенге саяды. Мемлекеттің қаржы заңнамасының негізінде қаржылық ресурстарды жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің және басқа экономикалық агенттердің іс-шаралары қаржылық саясат деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны

басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржылық саясатына негізделеді.

Қаржылық саясатты жүргізгенде оның мына қағидаттарын жүзеге асырудың зор маңызы бар:

- қолда бар нақты қаржылық ресурстарды негіздей отырып, бюджеттерді жасау;
- бекіту және атқару кезінде қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының әлеуметтік, ұлттық және кәсіби топтардың мүдделерін сақтау;
- қаржылық қатынастардың жоспарлы ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- қаржы жүйесінің барлық сфералары мен буындарында кірістер мен шығыстардың теңгерімділігі;
- қаржылық резервтерді жасау (бюджет жүйесінде кірістердің шығыстардан және салалық қаржыларда қаржылық резервтердің асып түсуі);
- мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында қаржылық ресурстарды оңтайлы бөлу.

Қаржылық саясат нақты шаруашылық өмірде қаржылық механизмі арқылы жүзеге асырылады. Қаржылық механизм – экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржылық қатынастарды ұйымдастыру нысандарының, қаржылық ресурстарын қалыптастыратын пайдалану әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Қаржылық механизмнің негізгі элементтеріне:

- 1) қаржылық бюджеттік жоспарлау және болжамдау;
- 2) қаржылық ресурстарды тікелей басқару және жан-жақты бағдарлау;
- 3) қаржылық ресурстардың құрылуына, бөлінуіне және пайдаланылуына бақылау жүргізу;
- 4) қаржылар мен салықтардың, бюджеттің өндіріске және халықтың әл-ауқаты деңгейіне тигізетін ықпалын анықтау жатады.

5) «Есеп комитетінің төрағасы Қ. Жаңбыршин Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының негізгі қағидаларын талқылау барысында аталған Жолдаудың біздің экономикаға аса маңызды екенін атап өтті. 2014 жылғы Жолдау 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Стратегияны іске асыру бойынша нақты іс-шаралар бағдарламасы болып табылады. Белгіленген

бағыттар Қазақстан экономикасының одан әрі терең жаңғыртылуын, оның бәсекеге қабілеттілігін және даму серпіндерін арттыруды көрсетеді», – деді Есеп комитетінің төрағасы. Қ. Жаңбыршиннің пікірінше, осы маңызды міндеттер арқылы еліміздің қаржылық бақылау органдарының рөлі мен маңыздылығы объективті түрде артпақ. Есеп комитетінің басшысы: «Қазақстан әлемінің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі үшін Есеп комитеті тәуелсіз сыртқы қаржылық бақылаудың конституциялық органы ретінде маңызды рөл атқаруы тиіс. Оның жауапкершілігіне мемлекеттің ұлттық ресурстарды басқару қызметі кіреді. Атап айтқанда, бюджет-қаржы процесін, 2050 жылға дейінгі Стратегияны іске асыруға бөлінетін мемлекет қаражатының ұтымды пайдаланылуын бақылау мәселесіне ерекше назар аударылады. Осыған байланысты, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінен мемлекеттік аудитке көшу Есеп комитетіне өз қызметін халықаралық озық стандарттарға сәйкес анағұрлым тиімді және сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді», – деді. Мемлекет басшысының әлемнің ең озық тәжірибесінің негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру бойынша тапсырмаларын іске асыру мақсатында, елімізде қаржы-экономикалық саладағы ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастырудың және іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз ететін Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы қабылданды.

б) Сонымен қатар қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Парламентінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын ұйымдастыруға, олардың қызметі мен өкілеттілігінің бірыңғай принциптерін айқындауға бағытталған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң жобасы талқылануда деп көрсетті» [5].

Қазақстан Республикасы Президентінің 17 қаңтар 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің экономикасын дамытуға байланысты нық тапсырмалар беріліп отыр. Атап айтқанда, «Экономикада ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы өсімін 4 пайыздан кем қылмау жоспарлануда. Инвестиция көлемін қазіргі 18 пайыздан бүкіл ішкі жалпы өнім көлемінің 30 пайызына дейін

ұлғайту керек. Экономиканың ғылыми қамтымды моделін енгізу Қазақстанның экспорттық әлеуетіндегі шикізаттық емес өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру мақсатын көздейді.

Экономиканың жоғары технологиялық жаңа салаларын құру ғылымды қаржыландыруды ішкі жалпы өнімнің 3 пайыздан кем емес деңгейге дейін арттыруды талап етеді. Ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есе азайту маңызды. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20 пайызы орнына кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп көрсетілген [6].

Қаржылық механизм мемлекет белгілеген қаржылық шараларды нақтылы, атаулы, нақты нәтижелерде – барлық деңгейлерде және қоғамдық-экономикалық сфераларда қоғамдық өнімнің, материалдық емес игіліктердің, қызметтердің және құндылықтардың барлық толып жатқан элементтері құнының құрамына кіретін қаржылық ресурстардың ұдайы жаңғыртылуында іске асырады.

Қаржылық механизмнің экономика мен әлеуметтік сфераға іс-әрекеті былайша жүзеге асырылады:

1) қаржылық механизмнің құрылымы мен оның әртүрлі бөліктерінің нақтылы міндеттерді шешуге және нақты нәтижеге жетуге нысаналығы арқылы;

2) мемлекетте және шаруашылық жүргізуші субъектілерде қалыптасатын және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталатын қаржылық ресурстардың мөлшері арқылы.

Қоғамдық шаруашылықтың жеке бөлімдерінің ерекшеліктеріне қарай және қаржылық қатынастардың сфералары мен буындары бөлінуінің негізінде қаржылық механизм мемлекет қаржысының механизмі, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық механизмі, салық механизмі болып бөлінеді. Өз кезегінде, бұл сфералардың әрқайсысы жеке құрылымдық буындарын қамтиды. Мысалы, мемлекет қаржысының механизмі бюджеттік механизм, бюджеттен тыс қорлар механизмі, мемлекеттік кредит механизмі болып бөлінеді.

Қаржылық механизмнің құрылымында мынадай функциялық буындарды бөліп көрсетуге болады:

1) қаржылық ресурстарды жұмылдыру;

2) қаржыландыру;

- 3) реттеу;
4) ынталандыру;

Қаржылық механизмнің қосалқы жүйесі оның неғұрлым маңызды қозғаушы күші болып табылады, олар: қаржылық жоспарлау, қаржы тұтқалары мен ынталандырмалары, ұйымдық құрылым мен қаржы жүйесінің құқықтық режимі, қаржыны ұйымдастыру.

Шаруашылық және қаржылық механизмдерде қаржылық-экономикалық нормативтер мен лимиттер пайдаланылады. Нормативтер – шығындардың немесе ресурстарды

бөлудің есептік түрде негізделген мөлшерлік түрлері қаржылық жоспарлауда пайдаланылады. Олардың көмегімен жалпы мемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделердің бөлгіштік қатынастарындағы онтайлы үйлестіру, экономикалық және әлеуметтік дамудың перспективалық және ағымдағы жоспарларының тапсырмаларын іске асыру үшін мемлекеттің, өңірдің, басқарудың салалық және ведомствалық органдарының, шаруашылық құрылымдарының ресурстарға қажеттіліктерінің теңгерімділігі қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер

- 1 Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (қаржы саласы) /Русско-казахский терминологический словарь-справочник (финансы). 5-кітап /Құраст. С. Құлманов. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2009. – 336 б.
- 2 Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 2001. – 272 с.
- 3 «Қазақстан – 2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.
- 4 Финансовое право: учебное пособие для студентов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет, анализ и аудит», «Мировая экономика», «Налоги и налогообложение» // П.В. Павлов. – 7-е изд., стер. – М.: Издательство «Омега-Л», 2013. – 302 с.: ил., табл. – (Высшее финансовое образование).
- 5 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті //www.esep.kz

References

- 1 Oryssha-kazhaksha terminalogylyk anyktamalyk sozdik-5 (karzhy salasy)/ Russian-Kazakh terminological dictionary-spravochnik (finance). 5-kitap./ Kyrastyrghan S.Kylmanov. – Alma-Ata: "Memlekettik tildi damyты ortalygy" ZhShS, 2009. – 336 b.
- 2 Khudyakov A.I. Financial right of the Republic of Kazakhstan. General part. – Alma-Ata, 2001. – 272 p.
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti Elbasy N.Ә.Nazarbaevtyn 14 zheltoksan 2012 zhylygy «Kazakhstan – 2050» strategiyasy kalyptaskan memlekettin Zhana Sayasi bagyty» atty Kazakhstan halkyna Zholdauy. – Almaty: YRIST, 2013. – 44 p.
- 4 Financial right: The manual for the students who are training on the specialties "Finance and Credit", "Bukhgaltergy Account, Analysis and Audit", "World economy", "Taxes and Taxation"/P. V. Pavlov. – 7th prod. I erased. – M.: Omega-L publishing house, 2013. – 302 pages: silt. the tab. – (The higher financial education).
- 5 Respublikalyk budgettin atkarylyn bakylay zhonindegi esep komiteti //www.esep.kz